

Дәріс 14. Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнына сипаттама

Жоспар:

1. Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнына сипаттама
2. Балалармен жүргізілетін тренингтер мазмұнын құру.
3. Жас кезеңдеріне байланысты тренингтерді құрастыру және өткізу.

Тренинг (ағылш. training, train – оқыту, тәрбиелеу) – білімді жетілдіруге бағытталған белсенді оқытудың әдісі.

Тренингтің даму тарихы оқыту тарихы сияқты мың жылға созылған. Дегенмен, тренингтің дамуын әлеуметтік психолог Курт Левиннің шығармашылық зерттеу кезеңіне жатқызуға болады.

1946 жылы Курт Левин өзінің әріптестерімен бірге алғаш рет тренинг - топтарды (Т - топ) құрды.

Білім беру саласында оқушылардың әр пәнді игеруге деген құлшынысын арттыру үшін жаңа педагогикалық технологияны тиімді пайдалану қажет.

Оқу үрдістерінде тренинг түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез - келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалану қажет. Тренинг – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын, тренинг әрекетінің ең негізгі түрінің бірі – дидактикалық тренингтер. Дидактикалық тренинг тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашады. Дидактикалық тренингтерді жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарына да пайдаланады. Дидактикалық тренинг барысында ете сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу, процестері дамып, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге әртүрлі қимылдарды орындауға үйретеді.

Тренингтің сапалы бағдарламасы жаттықтырушының оқыған кітаптары немесе оның өзіндік ойы негізінде емес, ең алдымен, дұрыс жүргізілген тренингтік диагностика нәтижелері негізінде құрылады. Дәл осы тренинг алдындағы диагностика қызметкерлердің жұмыс тиімділігін төмендететін барлық нәрселерді анықтауға мүмкіндік береді: проблемалар, дағдылардың тапшылығы, ісәрекеттердің тиімсіз тәсілдері, операцияларды орындаудың ұтымсыз тәсілдері, қадамдардың стандартталмаған реттілігі, сондай-ақ лауазымдық міндеттерді орындаудың жаңа биіктіктеріне қол жеткізуге болатын өсу аймақтары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Психологиялық тренинг технологиясына кіріспе : тренинг жүргізуді жаңадан бастаған тренерлерге әдістемелік құрал / орыс тілінен аударып және құрастырған А.А. Лиясова. - Алматы : Альманах, 2019. - 235, [1] б. : сур. - Загл. и авт. ориг.: Технология ведения тренинга / В.Г. Пузиков. Санкт-Петербург, 2007. - Библиогр.: с. 192. - ISBN 9965-453-70-5.
2. Туркенова С.С. Классификация интерактивных методов обучения в контексте формирования профессиональных компетенций студентов вузов : учебно-методическое пособие / С.С. Туркенова; Республика Казахстан, Министерство внутренних дел, Карагандинская академия им. Б. Бейсенова. - Караганда : Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2019. - 67, [1] с. : табл. - Библиогр.: с. 65. - ISBN 978-601-7589-14-1.
3. Мынбаева А.К. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать : учебное пособие / А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова. - 11-е изд. - Алматы : Эверо, 2019. - 355, [1] с. : ил., табл. - Библиогр.: с. 348. - ISBN 978-601-327-579-6.
4. Assylbekova M. Scientific bases of formation of communicative competence of the future specialist : monograph / M. Assylbekova. - Nur-Sultan : Ideal IS 2009, 2019. - 135, [1] с. : табл., диагр. - Библиогр.: с. 132-135. - ISBN 978-601-337-244-0.